

**2022 жылдың маусым айының 1-ші онкүндігіне  
қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Маусымның бірінші онкүндігінде республиканың солтүстік жартысындағы барлық астық себілетін аудандарда жаздық дәнді дақылдарды себу науқаны аяқталған. Қазақстанның басым аумағында жауын-шашын біркелкі болмаған, ең көп жауын-шашын Ақмола, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында жауған, елдің қалған бөлігінде жауын-шашын нормадан аз болған. Дәнді дақылдардың даму фазасы «дәннің өнуі» – «түптену», ерте себілген егістерде – «түтікке шығу» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы». Барлық дәнді дақылдар егістіктерінде арамшөптерге қарсы гербицидтермен өңдеуге кіріскен.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарындағы күздік бидай себілген аудандарында да астықтың қалыптасуына, өсіп-өнуіне және пісуі мен дәннің толығуына қолайлы жағдайлар болған. Жауған қысқа мерзімді жауын-шашын топырақ ылғал қорын біршама толықтырған. Күздік бидайдың даму фазасы «гүлдену» - «дәннің уыздануы».

Барлық жерде жылу сүйгіш дақылдарды (күріш, мақта, жүгері, қант қызылшасы, соя) себу науқаны аяқталды, қатараралық өңдеуге, топырақты қолмен қопсытуға, күріш чектеріне су жіберуге және вегетациялық суаруға кіріскен.

Картоп егістерімен алма бақтарын зиянкестерге қарсы түптеуге және пестицидтермен өңдеуге кіріскен. Оңтүстік облыстарда жоңышқа шөптерінің 1-ші шабуы жалғасуда.

Жайылымдық мал шаруашылығының барлық аймағында ауа температурасы аномалиясының мәні оң болған. Барлық жерде мал жаю жұмыстары жүргізілген, қой қырқу және шомылдыру, ветеринарлық іс-шаралар және алыс жайылымдарға мал айдау жұмыстары жалғасуда. Шөптердің жағдайы көбінесе жақсы, жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жайылымдар тапталмаған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында және Қарағанды облысының Ұлытау ауданында топырақ қатты тапталған және шөптер сиреген.

Өткен онкүндік ішінде жайылымдық мал шаруашылығының барлық аймағында шымның құрғақ, кей жерлерде ылғалды жай-күйі байқалған.